



**Мұрат  
ЖҮНІСҰЛЫ**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми экспедициялық тобы "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында киелі Екідін өлкесіне сапарлады.

Экспедиция барысында топ мүшелері Екідін тарихи ескерткішімен танысып, жергілікті тұрғындардан тарихи мәліметтер жинақтады.

Екідін – Торғай өңіріндегі көне заманнан қалған тарихи сәулет өнерінің ескерткіші ретінде белгілі. Екідің бір-бірінен біршама қашықтықта орын тепкен. Біріншідің Бейсен қыстауынан солтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде тұр. Қасында Қараторғай өзені ағып жатыр. Екіншідің өткел маңындағы қырда орналасқан. Алыстан көзге түседі. Киіз үй тәрізді құрылыс тактатастан салынған.

Оғыз, қыпшақ, қарлұқ қағанаттары кезінде кеңінен таралған мұндай құрылыстарды жау жолын қарап отыратын қарауыл ретінде пайдаланған деседі. Бұл екідің 1959 жылы академик Әлкей Марғұлан бастаған археологтар зерттеу жүргізіп, ежелгі құрылыстың ерте темір дәуіріне жатқызылатынын дәлелдеді. Оның жазуынша, Қазақстан аумағында сирек кездесетін "айтас" немесе "дің" деп аталатын киіз үй

# Есте қалар елеулі сапар



тәріздес бұл құрылыстар ерте кезде қасиетті орындарға арналған жер болуы мүмкін. Бұл қасиетті "Діндер" 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің дарабоздары Әбдіғапар ханның, Амангелді, Кейкі батырлардың шолғыншы сарбаздарына да игі қызмет еткен.

– Бақылап қарасаңыз, діндердің үстінгі бөлігі асқан шеберлікпен ойылған. Ауыл ақсақалдары айтқандай, ол түгін тартқыш ретінде де қолданылған. Ертеректе жақындап келе жатқан жауды көрген қазақ жауынгерлері халықты шапқыншылықтан аман қалдыру үшін шұғыл түрде ескерту жасауға міндетті болған. Дәл осы мақсатпен олардың тұрғызып, оның ішіне от жақты. Халық алыстан түгінді байқап, осылайша, төнгелі тұрған қауіп жайындағы ескертуді алған. Діннің төбесіне шықсаңыз, алыс-жақын жердегі айналаның бәрі анық көрінеді. Сарбаздар ауа-райы

қолайсыз кездерде үй есебінде пайдаланған. Бүгінгі күнге дейін мұндай орындардың санаулысы ғана жетіп, аман қалды. XX ғасырдың 80-ші жылдарында жергілікті тұрғындар бұзылған діндерді ішінара қайта қалпына келтірген. Ескерткіш 1982 жылдан бері мемлекет қорғауында.

Жалпы алғанда Сарыторғай, Қараторғай өңірі көне тарихи ескерткіштерге бай өлке. Сондықтан болар Қазақстанның сакральды картасына осы аймақтағы бірнеше тарихи ескерткіш енгізілді. Екідіңнен басқа "Маятас", "Махат саханасы", "Қызтам", "Қостам" сияқты киелі ескерткіштер, сонымен қатар Қараторғай өзенінің бойындағы ежелгі сақ қорымдары кейінгі кезде тарихшы-археолог ғалымдардың қызығушылықтарын оятып жүр. Соңғы жылдары сақ обалары қазылып, құнды жәдігерлер табылуда.

Арқалық қаласы.